




Қарабақ: сырт көз - сыншы

Almas ALTAY

**АЗАТ ҚАРАБАҚ:
ТҮРКІГЕ ОРТАҚ
ЖЕҢІС!**



Карабақта, Шуша қаласының маңында ғана өсетін Хары Бұлбұл деген әдемі гүл бар. Шушаның символы, өлең мен жырдың, ән менен күйдің арқауы болған – әйгілі Хары Бұлбұл. Әзірбайжанның басқа өңірінде кездеспейді, отаны Шуша, хары бұлбұлды көргің келсе тек Қарабаққа барасың...

Өзі сирек өсетін, аз кездесетін, десек те көрген жанды сұлулығына табындырып, таңдай қақтыратын хары бұлбұл бір жылы Гах ауданы, Гаратала ауылы маңында өсіпті. Ауыл тұрғындары ғайыптан келген сұлу да қадірлі қонақты көріп ерекше қуанулы.

Ақжарма хабар айналаға тез тарап, ел тегіс құлақтанады. Қарабақты армяндар жаулап, босқан елдің көптеп келіп жатқан кезі ғой. Сол босқындардың бір тобы «Гахта хары бұлбұл өседі» деген хабарды естіп арнайы келіпті. «Хары Бұлбұл тек Шушада өседі» деген сенбестік те бар, егер шынымен де Гахта хары бұлбұл өсіп тұрса көзайым боп, туған жерге деген сағыныштарын баспақ...

Жайнап тұрған бұлбұлды көрген кезде жер бауырлап жата кетіп, өксіп өксіп жылапты дейді бейбақтар. «Армяндар туған жерден сені де қуды ма, хары бұлбұл» деп еңіреген кезде естігендердің өзі көздеріне жас алған деседі...

Қарабақ - әзірбайжан халқы үшін жер, территория ғана емес, намыс еді. Жеріңді тартып алғаны Жарыңды тартып алғаннан кем бе?

Қарабақ басқыншылар қолында қалғаннан бері күтіліп келе жатқан ақтық соғыс, ақырғы майдан 2020 жылы 27 қыркүйек күні басталды. Әзірбайжан бұл соғысты «Отан Соғысы» деп атады.

Тұтас түркі десе жүрегі елжіреп тұратын ресми Анкара ең бірінші болып көмек қолын созды, одан кейін Израиль де Бакуға әскери



көмек беруге әзір екенін жеткізді. Күні бүгін әскери бюджеті 2 млрд долларға жуықтаған, 70 мыңнан астам тұрақты сарбаз ұстайтын



Әзербайжан алақандай Арменияны аз-ақ күнде талқандар еді... Алайда, айнала қан иісі шыққан жерге қаптап кететін акулаларға толы кезең ғой. Бұрын да беймаза Қарабақ 27 қыркүйектен бастап мүдделердің, саясаттың, қарудың, ақшаның қақтығыс алаңына айналды.

Қазақ қоғамының, жалпы көпшіліктің Қарабақ қақтығысын ерекше ден қоя зерделеген, ақ-қараны ажырата сарап жасаған, түсініктер мен пайымдарды терең ұға бастағаны да осы кезге тұспа-тұс келді. 2020 жылы қазанның басында Әзірбайжанның Қазақстандағы елшілігі тарапынан Бакуге, соғыс болған, азат етілген аймақтарға шақыру кеп түсті. Ойланған жоқпыз, саясаттанушылар бар, журналистер бар, блогерлер бар бас-аяғы он жігіт боп тартып кеттік.

Баку – Каспий жағалауында орналасқан әрі ескі, әрі жаңа; ғажап сұлу, ерекше жылы, аспаны жақын, дос құшағы ашық, тағамы тәтті ерекше қала. Қайда қарасаң да желбіреген байрағы көз тартып, көрік береді.

Бакудегі саясаттанушылармен, мәжіліс депутаттарымен, қоғам қайраткерлерімен

Қарабақтағы Ағдам қаласының қирандылары. Армян басқыншылары барлық тұрғын үйлерді мақсатты түрде түгелдей жермен жексен еткендіктен Ағдам - «Кавказдың Хирасимасына» айналған



өткен кездесуде көзіміз жеткен бір шындық – Әзірбайжандар жеңіске жетеріне нық сенген. Қарабақтың қайтарына титтей күмән болмаған.

Іштен барлап, ортасында жүрмеген соң, сырттан қараған кісіге білінбейді екен, армяннан

көрген қорлығын әзірбайжанның аузынан тыңдасаң денең түршігеді. Жерінен бездіріп босқын қылғаны өз алдына, иесі кеткен соң үйлерді қиратып, молаларды жойып, мешіттерді өртеп адам сенгісіз айуандыққа барған...



Оккупациядағы барлық елді мекендер түгелдей қиратылған

Армян террорының қылмысы: Гәнжә қаласының бейбіт аудандарына баллистикалық зымырандармен соққы жасалды



Бакуден аса қашық емес, Шамахи қаласында Кавказдың, тұтас таяу Шығыстың ең ескі мешіттерінің бірі – Жұма мешіті бар. 743 жылы іргетасы қаланған мешіттің табиғи апаттардан

көрген құқайы аз болғандай 1918 жылы «Наурыз қырғыны» кезінде армяндар толық өртеген. Ғасырдан астам уақыт өтсе де ұмытылмаған ескі жараның орны мешіт қабырғасында әлі тұр...



Армения соғыс шебінен шалғайда жатқан Бәрда қаласын баллистикалық зымыранмен атқылаған

Тертер қаласының тұрғыны қирандыға айналған үйінің алдында



Бакуде бізді таңғалдырған бір жайт болды. Армяндар істеген озбырлықтар туралы естіп, жан түршігер әңгімеден ойға батып келе жатыр ек, көлігіміз тоқтай қалды. Жолбасшымыз көліктен түсуімізді өтінді.

Сүйтсек, Әзірбайжан астанасының қақ ортасында, Аспанмен таласқан зәулім ғимараттардың ортасында аядай ғана армян шіркеуі тұр. Жергілікті бюджеттен ақша бөлініп діни ғимараттың сынын бұзбай сақталуына жағдай жасап қойған.

Ал, осындай дін мен дәстүрге деген ізгі көзқарасқа армяндар қалай жауап берді? Гәнжәні бомбалады, Бәрдәні атқылады, тағы да басқа түрлі қитұрқы әрекеттерге барып бейбіт елді арандатпақ болды. Алайда, Әзірбайжан бұл сынақтан сүрінбей өтті.

Бакудегі екінші күні біз тобымызбен Гәнжә қаласына аттандық. Үш сағатқа жуық тоқтаусыз жүрістен соң армян оғынан зардап шеккен шахар – Бәрдаға келдік.

Елде соғыс боп жатқан кезде ешкім

жайбарақат жүрмейді ғой. Бірақ дәл Бәрдаға бомба түсер деп ешкім ойламаған шығар. Өйткені, майдан қайда, Бәрда қайда, арада қаншама шақырым жатыр... Бейбіт қаланы, жазықсыз халықты бомбалау үшін қаншалықты қанішер болу керектігін мен білмеймін. Қарулы әскерге әлі келмей қорғансыз халықты қыру адамшылық емес, айуандық деп білемін.

Әзірбайжанның армян бомбасынан зардап шеккен бейбіт қаласы жалғыз Бәрдә емес. Сұмдықтың көкесін біз Гәнжаға барғанда көрдік. Гәнжә – армян зұлматын бізге бүркемесіз ашық көрсеткен алаң болды...

Гәнжа – Әзірбайжанның екінші үлкен қаласы, мұнда 1,5 млн адам тұрады. Осы 1,5 млн адамның дәл оны 11 қазан күні армян басқыншыларының бомбасынан қаза тапты. Шейіттердің жаны жаннатта болсын!

Армяндардың бұл әрекетін тек арандату десек жұмсақ естілер еді. Бейбіт халықты, шырт ұйқыда жатқан жұртты атқылау ештеңемен ақталмайтын іс. Бірақ соғыс деген сол – онда

Олжаланған армян танктері



мораль болмайды... Солай. Бұл ашық арандату, адамгершілік пен моральдің жоқтығы. Көптеген адам өлді, қала қирады. Алайда, армяндардың бұл қитұрқы әрекеті іске аспады, гәнжәлықтар сынған жоқ, керісінше осы оқиғадан соң олар армяндарға бұрыңғыдан да өшпенділікпен қарай бастады!

Әлбетте, армяндардың мақсаты түсінікті еді: Әлиев пен Әзірбайжан халқының арасынан ала мысық өтсе елден береке қашады. Ал, берекесі кеткен жұрттың, алауыз жұрттың алажағы да аз болмақ.

Дүниеда ең қиын нәрсе баласынан айырылған ата-ананың көзіне қарау екен... Жасқа толы жанарда қайғы да, қасірет те, торығу да, жұбаныш та жатыр. Азаматтың орнына мүрде келгені ауыр қасірет. Алайда, сол батпан қайғының салмағын «ұлым отаны үшін шейіт болды» деген ой жеңілдетіп тұратын көрінеді... Шейітке деген құрмет пен айырықша ықыластың кемі жоғын көрдік. Десек те, жанары жасқа толы ананы, дауысы қарлыға дірілдеген әкені аядым. Соғыстың қаншалықты зұлым екенін сезгің келсе – ұлы оққа ұшқан Әкемен сөйлес.

Шамахи қаласындағы Шикаровтар соғыстан қаралы хабар алған әулет. Шикар Шикаровтың ұлы, 35 жастағы Әзірбайжан қарулы күштерінің капитаны Нәджаф Шикаров Шуша қаласы алынарда ерлікпен қаза тапқан боздақ екен, ақ шейіттің шаңырағына арнайы кіріп, бата оқыдық.

Гейдар Әлиев!

Бұл Қарабақты қайтаруды өмір бойы арман еткен есіл ер. Көзі тіріде қолы жетпеді. Дегенмен, әке арманын - бала орындады. Илхам Әлиев - Әзірбайжанның соңғы екіжүзжылдық тарихында кеткен жерді қайтарған алғашқы патша. Бұған дейінгі қайраткерлігі бір төбе, ал, Қарабақты қайтару - Илхам Гейдароғлының атын ел тарихына алтын әріппен жазды!

44 күндік соғыста ұлы Әзірбайжан халқының қолдауымен, көк түрктің семсері Күлтегін бабасының медетімен, өзінің биік парасат, сұңғыла саясатымен - Әзірбайжан халқының ұлы перзенті Ильхам Әлиев туған елін Жеңіске бастады, Қарабақты қайтарды!

Дүниеде шаңның тозаңындай Әділет қалған болса, бұл қасиетті соғыста Әзірбайжан жеңіске

Бакуде өткен Жеңіс шеруінде армян армиясына тиесілі әскери көліктердің нөмірлері ілінген стенд көрсетілді



жетуі тиіс еді. Солай болды. Тұтам жер үшін жан берген талай боздақ өмірдің өтеуіне Қарабақ қайтарылды. Қайырлы қоныс болғай!

Түбі тұтас Түркі жұртының оғланы ретінде Біздің айтарымыз: жерің тұтас, жеңісің баянды болсын, Әзірбайжан! 🌟



Бакудегі Жеңіс шеруінде олжаланған әскери техника көрсетілді